




Г.К.Отарбаева *¹, М.У. Жұмабеков ², Ж.Е. Турекулова ³

¹ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, E-mail: gul_4979@mail.ru

² М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, E-mail: jumabek-777@mail.ru

³ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, E-mail: turekulova74@mail.ru

ЕГИПЕТ – СУДАН ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ (XIX екінші жартысы)

Аңдатпа

Әлемдегі заманауи геосаяси жағдай халықаралық қауіпсіздік деңгейіне ықпал етіп отырған түрлі аймақтардағы әскери қақтығыстардың өсуімен айрықшалаанады. Солтүстік Африка аймағы қақтығыс әлеуеті жоғары аумақ болып табылады және Египет – Судан мемлекеттері арасындағы тамырын тереңге жайған өзара қатынастарға қарамастан, қазіргі даму жағдайында екі мемлекеттің байланысы саяси қайшылықтарға ие және Ніл алқабы мен Африка жеріндегі қауіпсіздік пен тұрақтылыққа үлкен ықпалы бар мәселелер кешенінен құралған. Мақалада қарастырылатын XIX ғасырдағы Египеттің Суданға қатысты саясатының, Египет билеушілерінің басып алу жорық-тарының, әкімшілік басқаруының ерекшеліктері және тарихын зерттеу арқылы, XXI ғасырдағы саяси-экономикалық және әскери дамудың үрдістеріне экстраполяциялық талдау жасауға мүмкін-дік аламыз. Әлемдік тарихнамада Египет және Судан тарихына арналған ғылыми еңбектердің саны өте ауқымды болғанымен, Мұхаммед Әли кезеңінде басталған Судандағы Египеттің саясаты және елдің Египет дамуындағы геосаяси маңызы, Египеттік билеушілердің Суданда жүргізген модерни-зациялық саясаттары терең зерттеуді қажет ететін ғылыми бағыт болып табылады. Еуропалық, Түркия, араб тарихшылары, саяси қайраткерлері еңбектерінің желісінде, Египеттің Суданды жаулап алуының геостратегиялық мәні, негізгі себептері, Египет-түрік басқару жүйесінің Суданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ықпалы, Египет билеушілері жүргізген модернизациялық үрдістер, ағылшындардың Африкаға қатысты отарлау саясаттарының ықпалы қарастырылады.

Кілт сөздер: Египет, Судан, Мұхаммед Әли, Ұлыбритания, отарлық саясат, модернизациялық үрдістер, тарихи даму, саяси-экономикалық мүдделер.

Отарбаева Г.К. *¹, Жұмабеков М.У. ², Турекулова Ж.Е. ³

¹ Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова, Шымкент, Республика Казахстан, E-mail: gul_4979@mail.ru

² Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова, Шымкент, Республика Казахстан, E-mail: jumabek-777@mail.ru

^{3*} Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова, Шымкент, Республика Казахстан, E-mail: turekulova74@mail.ru

ИСТОРИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ЕГИПТА И СУДАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА

Аннотация

Современная геополитическая ситуация в мире характеризуется региональными военными конфликтами, приобретающими международный масштаб. Одной из стран с высоким конфликт-

ным потенциалом является Судан, история которого тесно связана с соседней страной Египтом. Несмотря на крепкие исторические связи между двумя странами, на современном этапе во взаимоотношениях проявляются значительные противоречия по политическим вопросам, что имеет не только локальное, но и международное значение, и непосредственно влияет на безопасность и стабильность в долине Нила и Северной Африке. Изучение истории взаимодействия двух стран и политики Египта в XIX веке позволяет анализировать основные тенденции современной политической ситуации в регионе в XXI веке. Необходимо отметить, что масштаб исследований, посвященных истории Египта в период правления династии Мухаммада Али и его преемников, весьма широк. Однако вопросы, связанные с завоеванием Судана Египтом, основные направления политики Египетских правителей в Судане представляют собой научные задачи, требующие глубокого рассмотрения и изучения. Данная статья основывается на исследованиях западно-европейских, арабских, турецких и российских ученых. В ней рассматриваются основные причины завоевания Судана Египтом в период правления династии Мухаммада Али, социально-экономическое положение Судана во время установления египетско-турецкого правления, модернизационные процессы, проводимые Египетскими правителями, влияние британской колониальной политики на Египетское владение в Судане, а также проблемы создания англо-египетского кондоминиума.

Ключевые слова: Египет, Судан, Мухаммад Али, Великобритания, колониальная политика, модернизационные процессы, историческое развитие, политико-экономические интересы.

Otarbaeva G.  ^{*1}, *Zhumabekov M.*  ², *Turekulova Zh.*  ³

¹ *M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan,
E-mail: gul_4979@mail.ru*

² *Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan,
E-mail: jumabek-777@mail.ru*

^{3*} *Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan, E-mail:
turekulova74@mail.ru*

HISTORY OF THE RELATIONS BETWEEN EGYPT AND SUDAN IN THE 19TH CENTURY

Abstract

The modern geopolitical situation in the world is characterized by regional military conflicts that are acquiring an international scale. One of the countries with a high conflict potential is Sudan, whose history is closely linked to its neighbor Egypt. Despite the strong historical ties between the two countries, significant contradictions in political issues emerge in their current relations, which not only have local but also international significance, directly affecting security and stability in the Nile Valley and North Africa. Studying the history of the interactions between the two countries and Egypt's policy in the 19th century allows to analyze the main trends in the contemporary political situation in the region in the 21st century. It should be noted that the scope of research dedicated to the history of Egypt during the reign of the Muhammad Ali dynasty and its successors is quite broad. However, the issues related to Egypt's conquest of Sudan, the main directions of Egyptian rulers' policy in Sudan represent scientific challenges that require thorough examination and study. This article is based on research conducted by Western European, Arab, and Russian scholars, as well as archival materials. It examines the main reasons for Egypt's conquest of Sudan during the reign of Muhammad Ali and his successors, the socio-economic situation in Sudan during the establishment of Egyptian-Turkish rule, modernization processes carried out by Egyptian rulers, the influence of British colonial policy on Egyptian control in Sudan, and the issues surrounding the creation of the Anglo-Egyptian condominium.

Keywords: Egypt, Sudan, Muhammad Ali, Great Britain, colonial policy, modernization processes, historical development, political and economic interests.

Кіріспе. Ежелгі өркениет ошақтарының бірі ретіндегі Таяу Шығыс және Солтүстік Африка аймағы елдерінің тарихы, ғылыми қауымдастықтың назарын үнемі өзіне аударып отырған іргелі зерттеу тақырыбы болып табылады. Судан географиялық тұрғыдан Қызыл теңіз жағалауын, Ніл сағасындағы аумақты иемденген Африканың өзегінде орналасқан мемлекет. 1821 және 1885 жылдар аралығында Суданның қазіргі аумағы түрік - египет билігінің қол астында болды. 1820 жылдан бастап жүргізілген Мұхаммед Әлидің жорығы нәтижесінде Суданда орнаған Осман империясының құрамындағы Египет билігі араб және түрік тарихнамасында «ахд әл-Түркия» деген атпен белгілі. Түркиялық тарихшылар бұл тарихи кезеңді Османдық кезең деп атайды, ал араб тарихшыларының еңбегінде қазіргі кездегі Судан мемлекеттігінің негізінің қалануын Египеттің бақылауының орнауымен байланыстырады. Жалпы, Батыс еуропалық тарихнамада апологеттік сипаттағы еңбектер басым болса, ТМД елдерінің зерттеушілерінің еңбектерінде Судандағы және Египеттегі еуропалық державалардың отарлық саясатының кері әсерлері мен ұлт-азаттық қозғалыстарға басымдық беріледі. Алайда, Мұхаммед Әлидің Суданды жаулап алу негізінде қалыптасқан Египет-түрік билеуі кезеңіндегі Судандағы саяси-әлеуметтік жағдайды және діни-мәдени ықпалды қарастыратын еңбектер сирек. Ислам өркениетінің Суданға ықпалы, 639 жылы Амр ибн ал-Ас әскерлерінің Египетті жаулап алуынан және Египетке қоныс тепкен мұсылман саудагерлерінің Суданмен сауда жасау мақсатында жасаған саяхатынан бастау алады. Египет аумағы мен Қызыл теңіз арқылы халықтардың қоныс аударуы және өзара сауда жүргізу барысындағы Африка халықтарының араб мұсылман қауымдарымен тығыз байланысқа түсуі нәтижесінде пайда болған, араб-ислам-африка қоғамын зерттеу қажеттілігі тақырыптың өзектілігін дәйектейді.

Материалдар мен әдістер. Қоғамдық-саяси құбылыстарды танудың әдісі ретіндегі тарихи материализм тәсілі арқылы, мақалада XIX ғасырдың 20 жылдарынан бастап 80 жылдарына дейінгі екі елдің ішкі және сыртқы жағдайларының өзгеруіне ықпал еткен сыртқы факторлардың кешенін зерттеу жүргізілді. Адамзат қоғамының дамуы әлеуметтік-экономикалық жағдайға негізделгенін дәйектейтін тарихи материализм әдісі арқылы жаулап алуға алғышарт болған экономикалық мүдделерді айқындауға болады. Тарихи-жүйелілік әдісі арқылы Ніл алқабындағы державалар тарапынан жүргізілген саясат және тарихи оқиғалар кешені қарастырылды. Сонымен қатар мақалада, отарлық саясаттың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындайтын тарихи-салыстыр-малық әдіс, XIX ғасырдағы Египеттің даму тарихы мен еуропалық елдердің аталған елдегі саясатының тарихы желісінде, XXI ғасырдағы саяси оқиғалармен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік беретін, тарихи-әлеуметтік үдерістердің қайталануын қарастыратын тарихи параллель, циклдық және тарихи итерактивтілік әдістері қолданылды.

Зерттеудің өзегі болған материалдарға жеке дерек көз ретінде қолданылған сол кезеңде өмір сүрген еуропалық саяси қайраткерлерінің еңбектері, интернет ресурстары арқылы қол жеткізілген сыртқы саясат және халықаралық жағдайға байланысты құжаттар жатады.

Талқылау. Судан тарихын және Египеттің Судандағы иелігіне қатысты мәселелер, екі негізгі бағыт: Судандағы Осман империясының иелігіне кірген Египеттің бақылау орнатуы және ағылшындармен бірлесе басқаруы түрінде қарастырылады. Ағылшындардың бақылауы орнаған Египетке қатысты әдебиеттердің ауқымы өте кең. Жоғарыда аталып өткендей, Судандағы Осман империясының құрамына кіретін Египет билігіне толыққанды тарихи баға берілмеген тақырып. Осы орайда, зерттеулердің үш негізгі топтарын айқындаймыз. Біріншісі Батыс өркениетін дәйектеп жазылған XX ғасырдың екінші жартысына дейінгі батыс еуропалық еңбектер. Екінші топта, Батыс әлемінің зерттеушілерінің Африка аумағындағы Осман империясы билігі кезеңіндегі саясатына қатысты ұстанымдарды қайта қарастыру, жаңа мазмұндағы тұжырымдарды іздестіру үрдісі басым соңғы жылдары жарық көрген еңбектері. Үшінші топта, Түркия және Египет тарихшыларының көзқарастарын айқындайтын зерттеулер.

XX ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралықта Судан еліндегі түріктер мен Египеттіктердің басқаруына қатысты батыстық тұжырымдамалар саяхатшылар, саудагерлердің мемуарлық және саяхаттық жазбаларына негізделді. Осы тұрғыдағы Судан бойынша зерттеулердің алғашқы-ларының бірі – британдық зерттеуші Джордж Фрэнсис Лайонстың 1821 жылы жарық көрген «Солтүстік Африкаға, Суданға саяхат туралы әңгімелер 1818-1820 жж.» монографиясы болып табылады [1]. Еңбекте алғаш рет аумақтың діни және этикалық бөлінісінің тарихи алғышарттары қарастырылады. XIX ғасырда және XX ғасырдың бірінші жартысында жазылған еңбектердің барлығында Египеттің Судандағы саясаты кері факторлар аясында қарастырылып, оларды құл саудасына тікелей қатысы бар деп айыптау ұстанымдар басым болды. Ричард Хилл пікірінше, Судандағы Египеттік иелік бойынша британдық тарихи-саяси пікірлерде құл саудасымен байланысты қылмыстық кезең деп қарастыру үрдісі басымырақ болған [2]. Британдық зерттеушілердің еңбегінде Суданды азат етудегі ағылшындардың ерекше миссиясы кеңінен сипатталады [3]. Джон Уотербери пікірінше, Суданға байланысты Египет билеушілерінің саясаты дәстүрлі түрде отаршылдық сипатта болды және Египеттің сол кезеңдегі күшті армия құруының арқасында жүзеге асырылды [4].

Британдық әдебиетте Суданды басқарып отырған түрік-египет әкімшілігі сыбайлас жемқорлықпен шырмалған, прогреске керіс әсерін тигізетін күш ретінде көрініс табады және Суданды Египеттің дұрыс басқара алмауы британдық саяси ортада талассыз факт түрінде қарастырылады. Ұлыбританияның Египеттегі бас консулы Е.Б. Кромердің 1908 жылы шыққан «Қазіргі Египет» еңбегінде, Египеттіктердің Суданды басқаруы бойынша тарихи олқылық қайта орын алмауы үшін, ағылшын ықпалы басты фактор болуы керек, деп беріледі [5].

Қазіргі кезде қалыптасқан еуропалық тарихи ойда мәселеге қатысты жаңа тұжырымдар ұсынылуда. Дарем университетінің профессоры Черри Леонарди пікірінше, Судан тарихын зерттеудің алғышарттары түріктердің аумаққа енуімен, яғни түрік-египет билігінің орнауымен басталады [6]. Яғни, қазіргі еуропалық зерттеу бағытында XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі Судандағы тарихи оқиғалардың барлығын Осман империясы және араб-ислам дәуірімен байланыстыру үрдісі аңғарылады. Германиялық зерттеуші Габриэль Р. Варбург Судандағы Египеттің билігін кеңінен зерттеп жүрген ғалымдардың бірі. Оның пікірінше, түрік-египеттік және ағылшын – египеттік басқару жүйесі кезеңіндегі Судандағы саясат, египеттіктер және ағылшындар тарапынан өркениеттік миссияны желеу еткенімен, негізгі мақсаты геосаяси ұтымды аумаққа және оның халқына бақылау орнату мүддесін көздеген отарлық сипатта болды [7]. 2017 жылы Француз тілінде жарық көрген «Суданның ежелгі кезеңнен қазіргі кезеңге дейінгі өрке-ниетінің тарихы» еңбегінің авторларының бірі Бернар Франсуа, заманауи Суданның мемлекет-тілігін, Осман империясы және Египет әкімшілігі қалыптастырды және олар сауданы жандандырып, жаңа технологияларды енгізіп, ауыл шаруашылығын, білім беру ісін, денсаулық сақтау ісін жолға қойған бірден бір күш деген баға береді [8]. Судандағы түрік-египет иелігіне арналған еуропалық зерттеушілердің ішінен, Словакия ғылым академиясы Шығыстану институтының қызметкері Эмануэль Бешканың «Мұхаммед Әлидің Суданды жаулап алуы» [9] еңбегін ерекше-леуге болады. Автор, Мухаммад Әлидің Суданды жаулап алуының басты себебі ретінде Египет және Сеннар султанаты арасындағы сауданы жандандыру мақсатын ұстанды деген ой қорытады.

Араб, Түркия зерттеушілерінің пікіріне сай, Осман империясы құрамындағы Египет билігі Судан дамуында тек позитивті мазмұнға ие, бұл мәселені еуроцентристік көзқарастағы тарихнама жоққа шығарып келеді деген көзқарастарды ұстанады. Мысалы, Түркиялық Сивас Джумхуриет (Sivas Cumhuriyet) университетінің профессоры Кадир Озкосенің «Судан аумағының Египетке қосылуы» атты мақаласында, Осман империясы, Қызыл теңіз жағалауындағы Суакин және Массави порттарына бекініп, Дарфур, Кордофан және Сеннар жерлеріне иелігін орната отырып, бұрын Суданда үстемдік еткен Фунч султанатын күйретіп, жергілікті халықтың қолдауына ие бола білді және Суданға бейбітшілік пен тұрақтылықты орнатып, сауданы жандандыруға үлкен септігін тигізді. Египет билеушілерінің Суданды басқара алмайтынын сынап жазған Британдық саяси және тарихи ой өздерінің билігін орнату үшін түрік-египет үлесі туралы теріс ой қалыптастыруға күш жігерін жұмсады, деп жазады

[10]. Египет тарихшысы Абд ал-Рахман ар-Рафии [11], еңбектерінде де Египеттің Суданның дамуындағы ерекше үлесі дәйектеледі. Египет тарихшылары, Мұхаммед Әлидің жорықтары нәтижесінде және оның мұрагерлері Саид –паша (1854-1863)¹ мен Исмаил – паша (1863-1879) кезеңінде Суданның әл-ауқаты өсіп, оның білім беру және инфрақұрылымдық мүмкіндіктері артты деген көзқараста.

Судан ғылым және технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры Мохаммед Сулейман Яхья, елді араб-ислам әлемінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыратын көзқарасты ұсынады. Ғалым мәселе бойынша, Суданға жорық жасаған Мұхаммед Әлидің өзіндік мүдделері мен стратегиялары болды және ол Суданды Түркияның құрамындағы ислам империясының бөлігіне айналдыруға ұмтылды. Осман империясы Судан саясатында, экономикасында, елді басқару ісінде және әлеуметтік-мәдени өзгерістерде ерекше рөл атқарды, сонымен қатар Суданды халықаралық қауымдастықпен жалғастырушы буын болып табылады, деген ойды ұсынады [12].

Дәстүрлі түрде әрбір дамыған мемлекеттер, өздерінің бақылау орнатуға бағытталған іс-шара-ларын тарихнамада өркениет үшін жасалған қадамдар деп дәйектейді. Сондықтан, Батыс еуропа-лық, Түркия, Египет тарихшыларының пікірлері де осы арнада. Суданды араб-мұсылман-африка-лық қауымдастық шеңберінде қарастыратын Египет, Түркия тарихшыларына қарсы жауап ретінде, әйгілі Судан тарихшысы Бешир Мұхаммед Омар, 1972 жылғы Аддис-Абебада жасалынған келісім нәтижесінде, Суданның араб әлемінің бөлігі емес африкалық ел екендігі дәйектелген академиялық тұжырым қалыптастырды деп жазады [13].

Зерттеу нәтижелері. XVI-XVII ғасырлардағы сауда жолдары үшін болған Португалия, Голландия және Осман империясы арасындағы күрес барысында, Осман империясы Үнді мұхиты бассейніне әскери экспедициялар жіберіп, түрік саудагерлерінің ірі сауда иеліктері қалыптасты. Түріктердің Үнді теңіз компанияларының нәтижесінде, Судан жерлері Осман империясының иелігіне өтті және Абиссиниялық мемлекетпен байланысты болды. Наполеон Бонапарт бастаған экспедиция Египетте сәтсіздікке ұшырап, француз әскерлері елден әкетілгеннен соң, Осман империясының иелігіне қайта өткен Египетке Түріктердің әскерімен келген албандық қолбасшы Мұхаммед Әли паша билеуші болып тағайындалды.

Әлеуметтік – экономикалық салада реформалар жүргізіп, білім беру ісін, денсаулық сақтау ісін, ауыл шаруашылығын жандандыруға бағытталған қадамдарының нәтижесінде өнеркәсібі дамыған, ірі армиялық жасақтар құра білген мемлекет басшысы Мұхаммед Әли, көршілес жатқан елдерге жорық жасап, Таяу Шығыс және Солтүстік Африкада ірі империя құруға ұмтылды. Египеттегі Мамлүктердің билігін толықтай дерлік жою және Осман империясынан іс жүзінде тәуелсіздігін қамтамасыз ету елдің экономикалық дамуы үшін қолайлы жағдайларды тудырды. Мұхаммед Әли және оның мұрагерлері билеуі кезеңінде Осман империясының консервативтік провинциясы болып табылатын Египетте, қарқынды модернизациялық үрдістерді жүргізу арқылы орталықтандырылған және дербес мемлекет қалыптасты және бұл үрдіс кейіннен Суданға да таралды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап еуропалық державалардың назары Суданға ауғаннан кейін екі билеу түрік- египет және ағылшын- египет нысанына айналған елде Махди көтерілісінен көрініс тапқан революциялық жағдай тудырды.

Мұхаммед Әлидің Суданды басып алып, өз иелігіне қосуына алғышарты ретінде XIX ғасырдың басындағы Судандағы қалыптасқан саяси анархиялық жағдайды көрсетеміз. Заманауи Суданның шығыс бөлігіндегі басты рөлдегі Фундж мәліктігі бірқатар кішігірім мемлекеттерге бөлініп кетті. Сондықтан Суданда Мұхаммед Әли шабуылына қарсы тұратын саяси күш болмады.

Мұхаммед Әли өзінің Суданға жорығында бірнеше мүдделер мен мақсаттарды көздеді. Біріншіден, Египеттен Судан жеріне қоныс аударған мамлүктердің қайта күшеюіне жол бермеу үшін сол елге қашып барған мамлүктерді жою және елдің оңтүстік шекарасын бекіту міндеті қойылды. Зерттеушілердің пікірінше, Донголада құлдарды сатып алып әскер құруға талпынған мамлүктердің саны мыңға жетіп, ал құлдарының саны 5000-6000 құраған [9,б.35]. 1812 жылы

¹ Паша - Осман империясы билігі кезеңіндегі Египеттің саяси жүйесіндегі жоғарғы титул

Мұхаммед Әли тарапынан Сеннар патшалығына жолдау жіберіліп, Донголада топтасқан мамлүк топтарын елден қуу туралы ұсыныс жасалынған [8, б.115]. Бұл мәліметтен біз, Суданға жорық жасамастан бұрын Мұхаммед Әли елдегі жағдай туралы ақпарат жинап отырғанын, яғни осы 1812 жылдан бастап, Суданды жаулап алу жоспары күн тәртібінде болғанын аңғарамыз. Судан мәселе-сіндегі тағы бір қазіргі кездегі саясатта да өзекті болып табылатын маңызды бағыт – Ніл алқабының бастауындағы су мәселесі. 1884 жылы Раиз паша сэр Эвлинг Барингке жазған хатында, «Египет үшін Ніл өзені өмірдің бастауы болып табылады. Ал Ніл дегеніміз – бұл Судан, Египет және Судан ажырамас ұғым. Егер де қандай да бір держава Суданды жаулап алатын болса, Египеттің жағдайы күрт төмендейді, сондықтан Египет хедиві үшін Судан өте маңызы мәселе», деп сипаттайды [14].

Екіншіден, экономикалық мақсаттар көзделді. Мұнда, ең алдымен Суданның алтын өндіріле-тін кен орындарына бақылау орнату мүдделері басым болды. Сонымен қатар, Египет билеушісі Қызыл теңіз бойындағы өзінің ұстанымдарын нығайту үшін судандық Суакин және Масауак порттарын басып алуға ұмтылды. Мұхаммед Әли Нілдің торабында орналасқан Хартум қаласын 1820 жылы тұрақты әскери лагерьге айналдырды.

Үшіншіден, Египетті Осман империясының құрамындағы аймақтық жетекші елге айналды-ру мақсатын қойған Мухаммад Әли өзінің реформалық қызметінде мықты армияны құруды көздеді. Билеушінің қарулы күштерді қайта құру және тұрақты армияға айналдыру әрекеті 1815 жылдан басталады. Осы уақытқа дейін Египет қарулы күштері тұрақты армия мәртебесіне ие болмады және олардың ұйымы «әл-Башбузақ» деп аталатын ережелер жиынтығына негізделді. 1820 жылы оның бұйрығымен жаңа тәртіп енгізілді, оған сәйкес мамлүктердің, албандардың және бедуиндердің тұрақты емес әскері, еуропалық үлгідегі тұрақты армиямен ауыстырылды. Судан халқынан армиясын жасақтау Мұхаммед Әли үшін маңызды болды және 1815 жылы еуропалық кәсіби армияның үлгісіне негізделген жаңа әскери күштер құру барысында Мұхаммед Әли, құрылып жатқан жаңа армияның сарбаздарының басым бөлігі судандықтардың болғанын қалады. Суданға жасалған жорықтың да негізгі мақсаттарының бірі – армияны Суданнан әкелінетін құл-дармен жасақтау болды. Осы идеясын жүзеге асыру үшін ол өзінің ұлы Исмаил пашаны Суданға жіберіп, сол жерде әскер жинауды тапсырады [7, 43 б.]. 1822 жылы Мұхаммед Әли Исмаилға жазған хатында ең алдымен судандық құлдарды ұстауға, 6 мың судандық рекрут құлдарды жинауды тапсырады [15]. 1821 жылы Асуанның солтүстігіне Кордофаннан ең алғашқы судандық құлдар жеткізіледі. 1821 - 1824 жылдары Суданнан 3 мың рекрут жеткізілген. 1822 жылы 18 ақпан күні Мұхаммед Әли Джирджи провинциясының билеушісі Ахмед паша Тахирге 4 мың рекрут жинауға бұйрық береді [17]. Жалпы, қара нәсілді құлдарды әскери істе пайдалану Фатимидтер халифаты (969-1171) барысында әл-Мустансир билігі кезеңінде кеңінен қолданылған [15].

Бастапқыда христиандық Аббиссинияны (Эфиопия) басып алуды ұйғарған Мұхаммед Әли, аталмыш мәселедегі ағылшындардың қарсылығына байланысты әскерін Суданға бағыттады. 1820 жылы 1600 атты әскер, 2100 жаяу әскер, 300 артиллерия, 2000 әскери басшылардың тобы Суданға бет бұрды [8]. Шабуылды екі бағытта бастау ұйғарылды. Бірінші бағытта Мұхаммед Әлидің ұлы Исмаил Искандер Әли Камил- паша (1796-1822) басқарып оңтүстікке бет алды. Ніл бассейні аумағын, Сеннарды басып алу мақсатында олар Асуаннан 1820 жылы жорыққа шықты. Кордофан және Дарфурды жаулап алуға бағытталған әскерилерді Мұхаммед Әлидің күйеу баласы Мұхаммед бей әл Дефтердару басқарды [16, б.125].

1820-1822 жылдары Мұхаммед Әли, 1200 км ұзындықты қамтитын аумақты Нубияны, Кордофанды, Джебзирді өзіне қаратты. 1834-1840 жылдардағы келесі әскери экспедиция нәтиже-сінде Шығыстан Қызыл теңізге қарай басқа да аумақтарды қосып алды. Мұхаммед Әли билігі кезеңінде, Египет формальды түрде Түрік сұлтанының құрамында болғанына байланысты, Судан-да Осман империясының орталық басқару жүйесі құрылды және 1825-1843 жылдары судандық жерлер Осман империясының губернаторларымен басқарылды [10].

Мұхаммед Әлидің жорығы салдарынан Судан бірқатар саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге ұшырады. Египет билеушісі көптеген Судан билеушілерін құлатты, Судан-Египет сауда жолдарына өзгеріс енгізді және Суданның қалалық

орталықтарын қайта құрды. 1822 жылы Дарфур және шет өлкелерден басқа Суданның аумағы түгелдей Египеттіктердің бақылауына өтті. Хартум қаласы 1823 жылы Судандағы Египет басқару орталығына айналды. Әкімшілік-аумақтық басқару жағынан Судан жеті провинцияға: Фазоглу, Сеннар, Хартум, Така, Бербер, Донгола және Кордофанға бөлінді. Суданға бақылау орнату арқылы Мухаммад Әли, құлдар арқылы армияны жасақтау, Нилдің сағасына толық бақылау орнату, Қызыл теңіздегі сауда жолдарын өзіне қарату бойынша барлық өзінің қойған мақсаттарына қол жеткізді. Суданда шығарылатын барлық өнімдер Египет бақылауына өтеді. Негізінен Судандағы Түрік-Египет үстемдігінің орнауына дейін елде бірегей мемлекеттік құрылым қалыптаспаған айқындау маңызды. Барлық билік тайпа және діни көсемдерінің қолында шоғырланды. Суданды жаулап алған Египет билеушілері үшін басты мәселе ықпалды шейхтар мен тайпа көсемдерінің саяси жағдайы болды. Египеттіктерге қолдау танытпаған тайпа көсемдері мен діни басшылар елден қуылып, алыс аймақтарға қоныс аударылды. Елде Египеттік кадиялар басқарған шарифат соттары құрыла бастады.

1826 жылы Суданның губернаторы болып тағайындалған Әли Хуршид-ага² кезеңінде Суданда жаңа ауылшаруашылық өнімдері шығарылып, мақта өндіру ісі дамып, Гезир ауданының өркендеуі басталды. Оның 1838 жылға дейін билік құрған Судан дамуы үлкен жетістіктер кезеңі болды. 1839 жылы оның орнына Ахмед паша Абу Ахдан тағайындалып, 1843 жылға дейін Суданның генерал-губернаторы қызметін атқарды. Ахмед пашаның кезінде, Суданның сауда флотын жандандыру ісі қолға алынды.

Жалпы, Мұхаммед Әли реформаларының нәтижесінде Египет тәуелсіз ұлттық мемлекетті құруға арналған батыл қадамдар жасаған Шығыс елдеріндегі алғашқы қоғамдық формация болды. Дербес өнеркәсіп, ирригациялық жүйе, ауыл шаруашылығы, салық жүйесі, білім беру істерін дамытып, осы жетістіктерді қорғау үшін Шығыс елдеріндегі ең мықты армиясы бар елге айналды. Сондықтан, Мұхаммед Әлидің Осман империясының иелігіндегі жерлерге жаулап алу жорық-тары жасауы да заңды құбылыс еді. Дегенмен, осы бағыттағы батыл қадамдар ХІХ ғасырдың 40 жылдарында Осман империясы және еуропалық державалардың қарсылығына ұшырады. Ең алдымен Ұлыбритания Мұхаммед Әлидің иеліктерінің кеңеюіне қарсы болды, Пальмерстон осы мәселе төңірегінде, Үндістанға баратын жолдарды, Франциямен жақсы қатынас орнатқан Мұхаммед Әли сияқты билеушінің қолында қалдыруға болмайды, деп ой қорытады [17]. Нәтиже-сінде, 1840 жылғы Лондон конференциясының шешімімен, Мұхаммед Әлидің билігі Египет және Суданда ғана сақталынып қалды. Мұхаммед Әли дүниеден өткеннен кейін, билікке келген Мұхаммед Әлидің немересі Аббас паша І (1813-1854) билігі кезеңінде Суданда айтарлықтай әлеу-меттік-экономикалық саясат жүргізілмеді, тек қана Хартумда бастауыш мектептің ашылуымен шектелді [18,б.42]. Кейіннен Мұхаммед Әли династиясының билеушілері Саид паша және Исмаил -паша билігі барысында Суданда модернизациялық үрдістер жүргізілді.

Саид – паша билікке келгеннен кейін Суданға қатысты саясатқа басты назар аударып, Судан-ның губернаторы (хукмдар) ретінде Әли-паша Ширкасты тағайындайды. Судандағы модернизациялық үрдістердің барысы бойынша жағдайды толық баяндау үшін бастапқыда інісі Абдул Халим пашаны Суданға жіберіп, кейіннен өзі Хартумға сапармен барады. Сол сапарында Судан халқына салынатын салық көлемін азайтып, жергілікті тайпалардан құралған кеңестер құрады [18,б.45]. Саид-паша тарапынан жүргізілген Судандағы өзгерістердің бірі – ел ішінде және Египет – Судан арасын байланыстыратын пошта байланысын жақсарту болды, ол үшін Саид – паша шөл аумақтарда пошта станцияларын құрды. Құл саудасына жол бермеу үшін «Субот» өзенінде лагерьлер ұйымдастырды. «Хукмдар» лауазымын жойды. Елді билеу үшін 5 мүдирият құрып, олардың басқару жүйесін белгіледі. 1854 жылы Саид – паша құл саудасына тыйым салып, Хартум құл базарының қызметін тоқтатады. 1862 жылы Хартумды қорғау үшін су бөгеті салынып, сол жылы Суданда сауда палатасы құрылады. Саид-пашаның кезінде, Наполеон III өтінішімен, Египеттің әскері Мексикаға француз экспедициясының

² Ага – Шығыс елдеріндегі титул

құрамында Бекбаши Джабратуллах Мұхаммед ас-Судани басқарған 1200 әскерден тұратын Судандық полк осы экспедицияға жіберілді [19,б.107].

1867 жылы Осман сұлтаны Исмаил –пашаны (1863-1879) ресми түрде Египет және Суданның хедиві ретінде тағайындады. Исмаил-паша тұсында Суданды жаулап алу жалғасты және Фазугли аймағы, Экваторлық аймақ, Уганда, Газал, Дарфур көлдері, Аден шығанағында Зали және Бербер, Харар, Сомалидің солтүстік жағалауы, Үнді мұхитының жағалауындағы Хафон мүйісі Үнді мұхитының жағасында, оңтүстігінен – Альберт және Виктория көлдері, шығыстан – Қызыл теңіз және Аден шығанағы, батыстан – Вади Хальфа Египеттің құрамын өтті. Осылайша, Исмаил-паша тұсында Судан мен Уганда толығымен Египетке бағынды. Египет билігі тарапынан жарияланған «1882 жылғы Суданның шекарасының жағдайы туралы» құжатқа сәйкес, Египет, Қызыл теңіздің бүкіл батыс жағалауына және Аден шығанағындағы Сомалидің солтүстік жағалауына иелік құрды

Исмаил паша, Египет және Суданда еуропалық мамандардың көмегімен, Батыс елдерінің технологиясына негізделген модернизациялық шараларды жүргізуге ұмтылды. Батыс елдері тарапынан қаржылық көмек алуға ұмтылған Исмаил, сол кезеңдегі құл иеленушілікке қарсы еуропалық елдердің саяси ойына сәйкес, Суданда құл саудасын жоюға күш жігерін жұмсады. Исмаил Судан губернаторлары ретінде Исмаил паша Айюбты (1873-1877) және кейіннен Ч. Дж. Гордонды (1877-1879 және 1884-1885) тағайындауы, ағылшындардың Суданды өз иеліктеріне өткізудің алғышарты болып табылады. Исмаил паша кезінде Суданда қызметін бастаған ағылшындықтардың алғашқысы атақты ағылшын саяхатшысы Самуэль Бейкер болды. 1869 жылы Бейкерге паша лауазымы беріліп, Бейкердің жорығы нәтижесінде, Суданның оңтүстік аумағы Египет иелігіне өтіп, Бахр-эл-Газал және Экваториалдық провинциялары құрылды.

Хедив Исмаилдың кезеңінде Суданды Египетпен байланыстыратын темір жол желісін құру көзделіп, Вади-Хальфадан Ханкаға дейінгі бағытта 57 км құрайтын темір жол желісі салынды. Жалпы, Исмаил кезеңінде Суданда бейбітшілік орнап, сауда ауқымы, сауда үйлерінің саны өсті, оның басым бөлігі Египеттіктерге (3000) және еуропалықтарға (1000) тиесілі болды. Жыл сайын-ғы елдегі экспорт және импорт көлемі 2 млн фунтты құрады[11, б.168]. Сонымен қатар, Суданды Египетпен байланыстыратын пошта желілері іске қосылды. 1873 жылы Хартумда Бас пошта басқармасының ғимараты ашылып, пошта мекемелері Донголада, Берберде, Кассалда салынды.

Египет пен Судан арасындағы Ніл бойындағы көлік қатынасы негізінен кемелер арқылы жүзеге асырылды. Кейбір кемелер тіпті Жоғарғы Нілге дейін барды. Египет тарапынан Суданға 15 пароход жіберілді. Сонымен қатар, Судандағы Ніл өзенінде жүзу үшін ағаш пен металдан жасалған кемелер пайдаланылды. 1878 және 1879 ж. Бербер мен Аденде кемелерді құрастыруға арналған арнайы порттар салынды. Исмаил Паша тұсында инженерлер тобы Судан және Египетті теміржол арқылы байланыстыру жобасы бойынша жұмыстар жүргізді. Вади - Хальфадан Ханкаға дейін, Ніл жағалауында теміржол құрылысына 400 мың фунт стерлинг қажет болды. Вади - Хальфадан Ханка бағытында 57 км жол салынды [11, б.174]. 1871 жылы Хартум Каирмен теле-граф желісі арқылы байланыстырылып, 1880 жылы Суданның басқа да қалаларына желі тартыл-ды. Хедив Исмаил кезеңі, Судандағы түрік- египет иелігінің ең дамыған кезеңі ретінде қарасты-рамыз. Осы кезеңде Египеттің Африкалық иеліктерінің аумағы кеңейді.

Египет билеушілері 1853 және 1877 жылдар аралығында Суданда білім беру ісін жандандырумен айналысты. Аббас I (1853-1854) жылдар аралығында басталған аталмыш үрдіс Исмаил билігі кезеңінен кеңінен қанат жайды. Суданның билеуші топтарының ұрпақтаы және Хартум, Донгола, Сеннардан келген балалар, Осман империясы шеңберіндегі Египет билеушілерінің Суданда құрған әкімшілігі қызметкерлерінің балалары бірге білім алды. Исмаил кезеңінде білім беру шаралары түрік тілінде жүргізілді және Түркия зерттеушілері бұл кезеңді, Осман империясының білім беру саясатының нәтижесіндегі Судан еліндегі білімнің даму кезеңі деп көрсетеді [10].

Бастапқы кезеңде ағылшындар тарапынан Египеттің Судандағы билігіне қолдау танытылды. Бұл бойынша, Сэмюэль Бейкер, Египеттің Африканы толықтай басқара алатындығын және осы аумаққа өркениет және отырықшылықты енгізген Египеттіктер екендігін жазады [20]. Ал, Австрияның Египеттегі Консулы Суззара, Судан халқының арасында өркениеттің тарауы, хедив Исмаил билігінің нәтижелілігін көрсетеді, деп ерекшелейді [11,б.174]. Еуропалықтардың Египет-ке қолдау көрсетуінің және жан-жақты көмек көрсетуінің басты себебі, олар Исмаилдің арқасында Африка аумағына экспедицияларын тиімді ұйымдастыру мүмкіндігі болды. Мұның бәрі еуропа-лықтар үшін оң нәтиже берді. Исмаил тарапынан Суданға шақырылған Бейкер мен Гордонның түпкі мақсаты да ағылшын үкіметінің назарын Суданға аудару болды және Африкадағы Британ иелігінің кеңеюі ісінде ерекше еңбек сіңірді. Бастапқы кезеңде Ұлыбритания Египеттің Судандағы билігін мойындағанымен, XIX ғасырдың 80 жылдарынан бастап, ағылшындар өз назарларын Судан жеріне аударды. Судан, геосаяси тұрғыдан Орталық Африка аумағына ену үшін қолайлы мекен болып табылуымен қатар, ағылшындар үшін Кейп-Каир темір жолын жүзеге асыру үшін Суданға бақылау орнату қажет болды. Сонымен қатар, Ніл өзенінің сағасына бақылау орнату Африка үшін ағылшын-француз бәсекелестігінің көрінісі болып табылады. Судан сол кезеңдегі Ағылшын-француз отарлық бәсекелестігінің орталығына айналып, Англияның Египеттегі стратегиялық мүдделерінің жалғасы ретінде қарастырылды. XIX ғасырдың 90 жылдарынан бастап, Суданға қатысты ағылшын ұстанымдарының өзгеріске ұшырауының басты себебі, Египеттің сыртқы қарызының шамадан тыс артуына байланысты басталған қаржы дағдарысынан туындай-ды. Исмаил паша билігі кезеңінде Египеттің сыртқы қарызының артуына байланысты халықара-лық саясатта «Египет қарызының Кассасы» атты мәселе көтеріліп, салдарынан Египеттің өзі де Ұлыбританияның бақылауына түсті. Нәтижесінде, XIX ғасырдың соңында 1820 жылдан бастау алған Судандағы түрік- Египет билігі, ағылшын- Египет билігімен ауыстырылды.

Қорытынды. Зерттеулерге талдау жасай келе, Судандағы Египет және Осман империясының, кейіннен Ұлыбританияның да мүдделері жаңа жерлерді игеру мақсатынан туындайды деген тұжырым жасаймыз. Негізгі өзегі экономикалық мақсат болып табылады, яғни, Ніл бойы мен Қызыл теңіз жағалауындағы сауда жолдарына бақылау жасау, құл саудасы дамыған дәуірде Судан халқының есебінен армияны жасақтау, су бөлінісіне бақылау орнату, кен орындарын иемдену болды. Египетте жүргізілген модернизациялық үрдістердің Суданға ықпалы да осы мүдделерден туындайды, себебі Египет билеушілері Саид – паша мен Исмаил паша кезінде телеграф желістерін, пошта байланысын, көлік байланыстарын жақсарту мақсатында Суданда бірқатар шаралар жасалынды. Ислам дінін тарату ісінде араб өркениетінің ықпалы зор болды. Судан жеріне иелік жасау XIX ғасырдағы Египеттің геосаяси мүдделерінен туындайды. Бірінші-ден, Ніл алқабының жоғарғы ағысындағы Судан жерінде суға тосқауыл қойылатын болса, Египеттің ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібіне орасан зор шығын тудырады. Қазіргі таңға дейін бұл мәселе өте өзекті болып табылады және болашақта су тапшылығынан туындайтын қақтығыс мәселесіне айналуы мүмкін. Екіншіден, Египет және Сеннар арасындағы сауда жолдарына бақылау жасау, Фазуглидегі алтын шығатын кендерге иелік ету сол кезеңдегі Египет үшін маңызды болды. XIX ғасырдың соңына дейін жалғасқан екі ел арасындағы тығыз байланыс Суданда ағылшын- Египет кондоминимумы орнағаннан кейін өзгеріске ұшырады. 1899 жылдан 1952 жылға дейін Египет-судан қатынастары британдық отарлық басқару жүйе шеңберіндегі өзара байланыс нысанына өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Lyons G. F Narrative of travels in northern Africa with geographical notices of Soudan and the course of the Niger in 1818-20. [Electronic resource]. – 2017. – URL: // https://archive.org/stream/quaritchcatalogue266/Quaritch_Catalogue_266_djvu.txt (Accessed 10.02.2024)

2. Hill R. Egypt in the Sudan 1820-1881. – Oxford: Oxford University Press, 1959. – 188 p.

3. Russell H. *The Ruin of the Soudan: Cause, Effect and Remedy; A Resumé of Events, 1883-1891*. [Electronic resource]. – 1892. – URL: // <https://archive.org/details/ruinsoudancause00russgoog/mode/2up?ref=ol&view=theater> (Accessed 25.02.2024)
4. Waterbury J. *Hydropolitics of the Nile valley*. [Electronic resource]. – 1979. – URL: // <https://archive.org/details/hydropoliticsofn0000wate> (Accessed 10.03.2024)
5. Cromer E.B. *Modern Egypt*. – London : Macmillan, 1908. – 594 c.
6. Cherry L. *Dealing with Government in South Sudan: Histories of chiefship, community and state*. – Woodbridge, 2015 – 288 p.
7. Garbriel R. Warburg *The Turco-Egyptian Sudan: a recent historiographical controversy*. Leiden: Brill, 1991. – 215 p.
8. *Histoire et civilisations du Soudan: De la Préhistoire à nos jours*. Paris, Soleb, 2017 – 955 p
9. Beška E *Muhammad Ali's Conquest of Sudan (1820-1824)*. // *Asian and African Studies*. – 2019. – Vol. 28. – No. 1. – P. 30–56.
10. Özköse K. *Annexation of the Sudanese Territories to the Khedive of Egypt* // *APJIR- Academic Platform Journal of Islamic Research*, [Electronic resource]. – 2022. – URL: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2211077> (Accessed 15.03.2024)
11. Ар-Рафиу Абдаррахман. *Аср Мұхаммед Әли / Ар-Рафиу А.* – Каир: Дар ал-маариф, 1989. – 595 с.
12. Mohammed Suleiman Yahia *The Turkish Impact in the changes of the Sudanese Socio-cultural life and Development*. [Electronic resource]. – 2015. – URL: <https://www.ayk.gov.tr/wp-content/uploads/2015/01/MOHAMMED-Suleiman-Yahia-THE-TURKISH-IMPACT-ON-THE-CHANGES-OF-THE-SUDANESE-SOCIO-CULTURAL-LIFE-AND-DEVELOPMENT.pdf>
13. Laura Servilan Brown *The Anglo-Egyptian Sudan; a cultural investigation*. Doctor's thesis. [Electronic resource]. – 2021. – URL: <https://mural.maynoothuniversity.ie/18027/1/Laura%20Servilan%20Brown.pdf>
14. Marlowe J. *Anglo-Egyptian Relations 1800–1953*. – London: Cresset Press, 1954. – 439 p.
15. Богомолов С.А. «Стратегия меча» Мұхаммеда Әли в войнах в Аравии и Судане: опыт кондотьера из европы на арабском востоке в первой трети XIX века // *История и историческая память*. [Электронный ресурс]. – 2020. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/strategiya-mecha-muhammeda-ali-v-voynah-v-aravii-i-sudane-opyt-kondotiera-iz-evropy-na-arabskom-vostoke-v-pervoy-treti-xix-veka> (дата обращения: 23.08.2024).
16. Dodwell H. *The Founder of Modern Egypt: A Study of Muhammad 'Ali*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1967. – 286 p.
17. Hossam Issa, *La Nahda ou le rêve de la nation égyptienne de Muhammad 'Ali à Gamal Abdel Nasser* // *Égypte/Monde arabe*. [Electronic resource]. – 2008. – URL: <http://journals.openedition.org/ema/1480>
18. Батрик А.Х. *Тарихуль Мисриина. Аср Мухаммеда Али уа нахдату Миср филь карниль тасиа ашара аль амматуль китаби (1805-1882) / А.Х. Батрик*. – Каир: Дар ал-маариф, 1999. – 247 с.
19. Омар А.А. *Дирасат фи тарих Миср аль хадиси уа аль муасири (1517-1952) / А.А. Омар*. – Александрия: Дар ал-маариф жамиа, 2000. – 472 с.
20. Baker, S.W. *Ismailia; a narrative of the expedition to Central Africa for the suppression of the slave trade, organized by Ismail, Khedive of Egypt*. Macmillan and Company. [Electronic resource]. – 1874. – URL: // <https://archive.org/details/ismailianarrativ00bake>

References:

1. Lyons G. F *Narrative of travels in northern Africa with geographical notices of Soudan and the course of the Niger in 1818-20*. [Electronic resource]. – 2017. – URL: // https://archive.org/stream/quaritchcatalogue266/Quaritch_Catalogue_266_djvu.txt (Accessed 10.02.2024) [in English]
2. Hill R. *Egypt in the Sudan 1820-1881*. – Oxford: Oxford University Press, 1959. – 188 p. [in English]
3. Russell H. *The Ruin of the Soudan: Cause, Effect and Remedy; A Resumé of Events, 1883-1891*. [Electronic resource]. – 1892. – URL: //

- <https://archive.org/details/ruinsoudancause00russgoog/mode/2up?ref=ol&view=theater> (Accessed 25.02.2024) [in English]
4. Waterbury J. *Hydropolitics of the Nile valley*. [Electronic resource]. – 1979. – URL: // <https://archive.org/details/hydropoliticsofn0000wate> (Accessed 10.03.2024) [in English]
 5. Cromer E.B. *Modern Egypt*. – London : Macmillan, 1908. – 594 c. [in English]
 6. Cherry L. *Dealing with Government in South Sudan: Histories of chiefship, community and state*. – Woodbridge, 2015 – 288 p. [in English]
 7. Garbriel R. Warburg *The Turco-Egyptian Sudan: a recent historiographical controversy*. Leiden: Brill, 1991. – 215 p. [in English]
 8. *Histoire et civilisations du Soudan: De la Préhistoire à nos jours*. Paris, Soleb, 2017 – 955 p [en français]
 9. Beška E *Muhammad Ali's Conquest of Sudan (1820-1824)*. // *Asian and African Studies*. – 2019. – Vol. 28. – No. 1. – P. 30–56. [in English]
 10. Özköse K. *Annexation of the Sudanese Territories to the Khedive of Egypt* // *APJIR- Academic Platform Journal of Islamic Research*, [Electronic resource]. – 2022. – URL: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2211077> (Accessed 15.03.2024) [in English]
 11. *Ар-Рафһуи Абдаррахман. Аср Мұхаммед Әли / Ар-Рафһуи А. – Каур: Дар ал-маариф, 1989. – 595 с. [in Arabic]*
 12. Mohammed Suleiman Yahia *The Turkish Impact jn the changes of the Sudanese Socio – cultural life and Development*. [Electronic resource]. – 2015. – URL: <https://www.ayk.gov.tr/wp-content/uploads/2015/01/MOHAMMED-Suleiman-Yahia-THE-TURKISH-IMPACT-ON-THE-CHANGES-OF-THE-SUDANESE-SOCIO-CULTURAL-LIFE-AND-DEVELOPMENT.pdf> [in English]
 13. Laura Servilan Brown *The Anglo-Egyptian Sudan; a cultural investigation*. Doctor's thesis. [Electronic resource]. – 2021. – URL: <https://mural.maynoothuniversity.ie/18027/1/Laura%20Servilan%20Brown.pdf> [in English]
 14. Marlowe J. *Anglo-Egyptian Relations 1800 –1953*. – London: Cresset Press, 1954. – 439 p. [in English]
 15. Bogomolov S.A. «Strategiya mecha» Мұхаммеда Әли v vojnah v Aravii i Sudane: opyt kondot'era iz evropy na arabskom vostoке v pervoj treti HHH veka // *Istoriya i istoricheskaya pamyat'*. [Electronic resource]. – 2020. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/strategiya-mecha-muhammeda-ali-v-voynah-v-aravii-i-sudane-opyt-kondotiera-iz-evropy-na-arabskom-vostoке-v-pervoy-treti-xix-veka> (дата обращения: 23.08.2024). [in Russian]
 16. Dodwell H. *The Founder of Modern Egypt: A Study of Muhammad'Ali*. –Cambridge: CambridgeUniversity Press, 1967. – 286 p. [in English]
 17. Hossam Issa, *La Nahda ou le rêve de la nation égyptienne de Muhammad 'Ali à Gamal Abdel Nasser'*// *Égypte/Monde arabe*. [Electronic resource]. – 2008. – URL:<http://journals.openedition.org/ema/1480> [in English]
 18. Батрик А.Х. *Тарихуль Мисриина. Аср Мұхаммеда Али уа нахдату Миср филь карниль тасиа ашара аль амматуль китаби (1805-1882) / А.Х. Батрик. – Каур: Дар ал-маариф, 1999. – 247 с. [in Arabic]*
 19. Омар А.А. *Дирасат фи тарих Миср аль хадиси уа аль муасири (1517-1952) / А.А. Омар. – Александрия: Дар ал –маариф жамиа, 2000. – 472 с. [in Arabic]*
 20. Baker, S.W. *Ismailia; a narrative of the expedition to Central Africa for the suppression of the slave trade, organized by Ismail, Khedive of Egypt*. Macmillan and Company. [Electronic resource]. – 1874. – URL: // <https://archive.org/details/ismailianarrativ00bake> [in English]